BALABAQSHA

SITCEN

SITUATION CENTER

# Ата-аналарға арналған нұсқаулық

*(кезектен тыс өтініш беру)*

inCRAFT

Маусым 2019 ж.

# balabaqsha.sitcen.kz порталының басты беті




Басты бетте келесі ақпараттар бар:

- бос орындар бюллетені;
- МДҰ-ға кезектер;
- мектепке дейінгі ұйымдар каталогы;
- статистика;
- пайдаланушылардың пікірлері.

Сайттың оң жақ жоғарғы бұрышында геолокация мен тілді ауыстыру мүмкіндігі бар.
Порталға тіркелу үшін «**Тіркелу**» батырмасын шерту қажет.
Егер Сіз тіркелген болсаңыз, «**Кіру**» батырмасын қолданыңыз.

# Тіркелу

1. Телефон нөмірін енгізіп, *Қолданушылардың деректер саясатына* (жазбаны шертіп, танысуға болады) келісім ретінде белгі қою және «**Код сұрату**» қажет;
2. Көрсетілген нөмерге СМС арқылы келген кодты енгізіп, «**Жіберу**» батырмасын шерту керек;
3. Құпия сөз ойлап тауып, растап, «**Сақтау**» батырмасын басу керек;
4. Ата-ананың ЖСН енгізіп, «**Жіберу**» қажет. ЖСН енгізгенде жүйе ата-ананың мәліметтерін (ТАЖ, туған күні) шығарады. Егер мәліметтер дұрыс болса, «**Жіберу**» батырмасын басу қажет.












# Профайл

Тіркелгеннен соң ата-ана «**Профайл**» бөлімінде өзі жайлы ақпаратты толықтыруы қажет:

- «**Фото өзгерту**» батырмасы арқылы сурет жүктеу керек.






# Балалар

1. «**Мәзірде**» «**Балалар**» бөліміне өтіп, «**Баланы қосу**» батырмасын басу керек;
2. «**ЖСН**» жолына баланың ЖСН-ін енгізіп, «**ЖСН тексеру**» батырмасын басу қажет, жүйе баланың мәліметтерін шығарады. Егер мәліметтер дұрыс болса, «**Сақтау**» шерту керек.

1




Балалар

2




Баланың анкетасы

# Өтініштер

1. «**Мәзірде**» «**Өтініштер**» бөліміне өтіп, «**Өтініш қосу**» батырмасын шерту керек;
2. Баланы таңдап, барлық міндетті (жұлдызшамен белгіленген) жолдарды толтыру қажет;
3. «**Өтініш түрін**» «кезектен тыс» деп көрсетіп, қажет санатты таңдау керек:
   - әскери қызметшілердің, оның ішінде қызмет өткеру кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен әскери қызметшілердің балалары;
   - арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, оның ішінде қызмет өткеру кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткендердің балалары.




Өтініштер




Өтініш қосу




Өтініштің түрі

# Өтініштер

**1.** **«Келесі»** батырмасын басу керек;

2. Жеңілдікті растайтын құжатты тіркеу қажет:

\- әскери қызметшінің немесе арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің жұмыс орнынан берілген, уәкілетті адамның мөрімен және қолымен расталған анықтаманың скан-көшірмесі (болған жағдайда) (берілген күнінен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде жарамды);

**1.** **«Жіберу»** батырмасын шерту керек. Өтініш «**Өтініштер тізімі**» бөлімшесінде «**Құжаттарды тексеру**» мәртебесімен пайда болады.;

2. Барлық өшірілген өтініштер «**Өтініштер мұрағаты**» бөлімінде орналасады. «**Себет**», «**Растау**» батырмаларын шерту арқылы өтінішті өшіру мүмкіндігі бар.




Құжаттарды тіркеу




Өтініштер тізімі

# Бюллетеньге өтініш жіберу

1. Құжаттарды тексергеннен кейін сіз жеңілдіктің болуын растау/бас тарту туралы хабарлама аласыз. Өтініштің мәртебесі «**Орын күтілуде**» мәртебесіне өзгереді;
2. Бюллетеньге өтініш жіберу үшін «**Мәзірде**» «**Өтініштер**» бөліміне өтіп, «**Операциялар**» қатарынан «**Көру**» батырмасын шерту қажет;
3. Жаңа бетте «**Бюллетеньге өтініш жіберу**» қадамында «**Көру**» батырмасын шерту керек..




Өтініштер




Бюллетеньге өтініш жіберу

# Бюллетеньге өтініш жіберу

1. Бюллетеньдердің толық тізімі бар бет ашылады;
2. Өтініш жіберу кезінде көрсеткен ауданды таңдаңыз;
3. Бюллетеньдермен танысып, Сізге балаңыздың туылған жылы мен оқыту тіліне сәйкесін таңдаңыз;
4. Сондай-ақ жалпыға қолжетімді бюллетеньдерді іздеу үшін «**Барлығына қолжетімді**», мәртебелі қолжетімділік кезінде «**Маған қолжетімді**» фильтрін қолдануға болады;
5. Егер баланың туылған жылы, өтініштегі оқыту тілі мен елді-мекені бюллетеньдегі мәліметтермен сәйкес келсе, «**Өтініш жіберу**» батырмасы пайда болады. Аталған батырманы шертіп, баланы таңдап, «**Растау**» қажет.



Басты бет > Бос орындар бюллетені

БОС ОРЫНДАР БЮЛЛЕТЕНІ

Аймақты таңдаңыз: Түркістан Қ.Ә.

Балалардың туған жылы: Таңдалмады

Балабақша: Кілт сөз енгізің

☐ Маған қол жетімді ☐ Барлығы үшін жетімді

Эталондық сервер уақыты:
2019.06.26 16:21:00

Список всех направлений в детский сад

| № | Балабақша | Топ | Барлығы орындар | Свободных мест | Тәрбиелену тілі | Балалардың туған жылы | Орын түрі | Орынның нақты босайтын күні | Операциялар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ЖМ "Амина балабақшасы" | Солнце | 23 | 22 | Орысша | 2017 | Бос орындар | 26.06.2019 18:00 | |
| 2 | МКҚК "Әлия" бөбекжай-балабақшасы | №1 "Балапан" тобы | 2 | 0 | Қазақша | 2016 | Бос орындар | 14.06.2019 18:00 | |
| 3 | ЖМ "Ханзада" балабақшасы | Ақбөбек тобы | 1 | 1 | Қазақша | 2016 | Бос орындар | 13.06.2019 18:00 | |
| 4 | "Керемет" бастауыш мектеп балабақша кешені ЖШС | ертөстік | 1 | 1 | Қазақша | 2015, 2014 | Бос орындар | 13.06.2019 18:00 | |
| 5 | МКҚК "Балапан" бөбекжай-...қшасы | Жұлдызша | 5 | 5 | Қазақша | 2016, 2015 | Бос орындар | 13.06.2019 18:00 | |
| | ...лапан" бөбекжай-...шасы | Аққожек | 5 | 5 | Қазақша | 2016, 2015 | Бос орындар | 13.06.2019 18:00 | |
| 7 | ...К "Балапан" бөбекжай-балабақшасы | Балбөбек | 5 | 5 | Қазақша | 2015, 2014 | Бос орындар | 13.06.2019 18:00 | |



Бос орындар бюллетенінің тізімі



БОС ОРЫНДАР БЮЛЛЕТЕНІ

Эталондық сервер уақыты:
2019.06.26 16:21:07

| | |
|---|---|
| Балабақша: | ЖМ "Амина балабақшасы" |
| Типі: | Жеке меншік балабақша |
| Топ түрі: | Кәдімгі |
| Мекен-жай: | Түркістан облысы.Түркістан Әлқожа ата №134 |
| Топ: | Солнце |
| Барлығы орындар: | 23 |
| Бос орындар: | 22 |
| Тәрбиелену тілі: | Орысша |
| Балалардың туған жылы: | 2017 |
| Жасына сәйкес топтар: | Бірінші кіші топ (2 жастан 3 жасқа дейін) |
| Орын түрі: | Бос орындар |
| Қызметкердің аты-жөні: | Дуйсенова Молдир Ушкараевна |
| Орынның нақты босайтын күні: | 26.06.2019 18:00 |
| Жариялау күні: | 26.06.2019 |
| Мәртебе: | Барлығына қолжетімді |

Өтінішті жіберу



Қажет бюллетенге өтініш жіберу

# Активтендіруді күту

1. Бюллетеньге өтініш жібергеннен кейін сізге мектепке дейінгі ұйым қызметкерінің сіздің өтінішіңізді активтендіруін күту қажет;
2. Сіз қызметкердің өтінішті активтендіргенін және одан соң «**Хабарламалардағы**» немесе өтініштер бөліміндегі сілтеме бойынша жолдаманы жүктеу қажет екенінен хабардар боласыз. Жолдама 5 жұмыс күніне жарамды;
3. Тиісінше 5 жұмыс күні ішінде мектепке дейінгі ұйымға өтініш беруші мен баланың жеке басын куәландыратын құжаттармен, медициналық анықтамамен және жолдамамен келу қажет. Басқа жағдайда, өтінім 10 жұмыс күніне тоқтатым-параққа түседі;
4. Сіз мектепке дейінгі ұйымға белгіленген мерзімде келе алмайтын жағдайда, растайтын құжаттарды міндетті түрде қоса жүктей отырып, жолдаманың қолданылу мерзімін қосымша 30 күнтізбелік күнге дейін бір рет ұзарта аласыз. Жолдаманы әрекеттің соңғы күні ұзартуға болады.




Жолдаманы жүктеу




Жолдаманы ұзарту

# Келісім шарт жасасу

1. Мектепке дейінгі ұйымға қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін шарт жасалады.
2. Бұдан әрі мектепке дейінгі ұйымның қызметкері өтінішке қол қояды. Сіз шартқа сәтті қол қою туралы хабарлама аласыз.
3. Өтінішті қарау кезінде сіздің балаңыз қабылданған мектепке дейінгі ұйым және топ туралы деректер бейнеленеді.




Хабарлама




Келісім шарт сәтті жасалды

# Назарларыңызға рахмет!

**Контакт-орталық:**
**8 (727) 339-72-22**
**8 (747) 339-72-22 (WhatsApp)**